# Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының "Құқық қорғау қызметіне кіретін азаматтарды тесттен өткізуді ұйымдастыру, бағдарламалары және қағидаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 20 қыркүйектегі № 1 және " Мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасудың кейбір мәселелері туралы" 2017 жылғы 21 ақпандағы № 40 бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2024 жылғы 31 қаңтардағы № 26 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 31 қаңтарда № 33953 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2024 жылғы 9 ақпандағы № 32 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 09.02.2024 № 32 (01.02.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.02.2024 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Құқық қорғау қызметіне кіретін азаматтарды тесттен өткізуді ұйымдастыру, бағдарламалары және қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 20 қыркүйектегі № 1 бұйрығына ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14317 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған бұйрықпен бекітілген құқық қорғау қызметіне кіретін азаматтарды тесттен өткізуді ұйымдастыру, бағдарламалары және қағидаларына:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тестілеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді, мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді және құқық қорғау қызметіне кіретін азаматтарды тестілеу рәсімдерін техникалық қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсетуге шарт жасалған заңды тұлғаның қызметкері болып табылатын тестілеу операторының (бұдан әрі - оператор) қатысуымен өткізіледі." ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тестілеу рәсімдерін техникалық қамтамасыз етуді, тест тапсырмаларының дерекқорын қалыптастыруды және оларды жаңартуды Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді, мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді және құқық қорғау қызметіне кіретін азаматтарды тестілеу рәсімдерін техникалық қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсетуге шарт жасалған заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жүзеге асырады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Көрсетілетін қызметті беруші тестілеуді азаматтардың өтініш білдіруі бойынша өткізеді.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Тестілеу уақытын көрсетілетін қызметті беруші айқындайды.";

32-3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32-3. Тест тапсырмаларын, сондай-ақ кандидаттың тестілеу рәсімінің бейне және аудиожазбаларын көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) сұрауы бойынша апелляциялық комиссияға береді.

Бұл ретте, тест тапсырмалары кандидаттарға танысу үшін ғана беріледі.";

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның шешімдері екі данада жасалуы және осы отырысқа қатысқан апелляциялық комиссияның барлық мүшелерімен қол қойылуға тиіс хаттамалармен рәсімделеді. Апелляциялық комиссияның отырысы хаттамасының екінші данасы көрсетілетін қызметті берушіге жіберіледі және бір жыл ішінде сақталады.

Апелляциялық комиссияның шешімі мүшелердің жалпы санының кемінде 2/3 (үштен екісі) қатысқан жағдайда құқылы болады.

Апелляциялық комиссия кемінде бес мүшеден, соның ішінде төрағадан тұрады.";

1, 1-1 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2. "Мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2017 жылғы 21 ақпандағы № 40 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14939 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған бұйрықтың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) осы бұйрықтың 2-1-қосымшасына сәйкес мемлекеттік органдарда ықпалдастырылған ақпараттық жүйеде "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға іріктеу және конкурс өткізудің уақытша қағидалары бекітілсін.";

жоғарыда аталған бұйрықпен бекітілген мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді, мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тестілеуді ұйымдастыру, бағдарламалары мен қағидаларына:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мемлекеттік қызметшілерді және мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тестілеу ұйымдастыру, бағдарламалары мен қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 2-тармағының 5) тармақшасына және 28-бабының 3 және 4-тармақтарына және мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді және мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді және құқық қорғау қызметіне кіретін азаматтарды тестілеу тәртібін, бағдарламаларын, тестілеуді ұйымдастыру тәртібін, сондай-ақ тестілеу нәтижелеріне шағым жасау тәртібін айқындайды.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тестілеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді, мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді және құқық қорғау қызметіне кіретін азаматтарды тестілеу рәсімдерін техникалық қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсетуге шарт жасалған заңды тұлғаның қызметкері болып табылатын тестілеу операторының (бұдан әрі - оператор) қатысуымен өткізіледі." ;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. "Мемлекеттік қызметшілерді, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға үміткерлерді және құқық қорғау қызметіне алғаш рет кіретін азаматтарды тестілеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің көрсетілетін қызметті берушісі Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді, мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді және құқық қорғау қызметіне кіретін азаматтарды тестілеу рәсімдерін техникалық қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсетуге шарт жасалған заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) болып табылады.";

37-2 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37-2. Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті орган "Мемлекеттер көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 10-бабының 13) тармақшасына сәйкес "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторына, Бірыңғай байланыс орталығына, сондай-ақ өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын көрсетілетін қызметті берушіге жібереді.";

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"45. Апелляцияға шағым берген үміткерлердің тестілеудің толық нәтижелері апелляциялық комиссияға көрсетілетін қызметті берушіден сұрау бойынша ұсынылады.

Бұл ретте, тестілеудің толық нәтижелері "Қызмет бабында пайдалану үшін" белгісімен ресімделеді және үміткерлерға танысу үшін беріледі.";

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"46. Апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның шешімі хаттамалармен ресімделеді, олар екі данада жасалады және осы отырысқа қатысқан апелляциялық комиссияның барлық мүшелері қол қояды. Апелляциялық комиссияның отырысы хаттамасының екінші данасы көрсетілетін қызметті берушіге жіберіледі және бір жыл ішінде сақталады.

Апелляциялық комиссияның шешімі мүшелердің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда құқылы болады.";

2 және 2-1-қосымшалар осы бұйрыққа 4 және 5-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Жоғарыда аталған бұйрықпен бекітілген ықпалдастырылған ақпараттық жүйеде "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға іріктеу және конкурс өткізудің уақытша қағидаларына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы уақытша Қағидалар мемлекеттік органдарда 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес ықпалдастырылған ақпараттық жүйеде "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға іріктеу және конкурс өткізу ( бұдан әрі – іріктеу) тәртібін айқындайды және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң)

5-бабының 2-тармағына, 27-бабының 2-тармағына, 28-бабының 3, 4-тармақтарына сәйкес, сондай-ақ "Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 шілдедегі № 470 қаулысына сәйкес әзірленді.";

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) бағалаушы – бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда, оның ішінде ғылыми салада кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесі бар конкурстық комиссияның мүшесі, сондай-ақ персоналды басқару жөніндегі мамандар мен басқа да мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері;";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жүйеде іріктеу рәсімінің әкімшісі, оның ішінде "Мемлекеттік қызметшілерді, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға үміткерлерді және құқық қорғау қызметіне алғаш рет кіретін азаматтарды тестілеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет берушісі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді, мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді және құқық қорғау қызметіне кіретін азаматтарды тестілеу рәсімдерін техникалық қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсетуге шарт жасалған заңды тұлға болып табылады (бұдан әрі - Іріктеу рәсімінің әкімшісі).";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Іріктеуге қатысу үшін үміткер жүйеде тіркеледі, жеке сәйкестендіру нөмірін, ЭЦҚ немесе цифрлық сәйкестендіруді пайдалана отырып ақпаратты енгізу арқылы бірыңғай авторландыру құралын (IDP/SSO) пайдалана отырып аутентификациядан өтеді.

Өтінім беру кезінде үміткер іріктеуді өткізу тәртібімен танысады және осы Қағидалардың талаптарын сақтайды, сондай-ақ ЭЖІ қалыптастыру үшін дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім береді.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Іріктеудің әрбір кезеңінің алдында үміткер кезеңнен өту шарттарымен танысады және осы Қағидалардың талаптарын бұзғаны үшін, сондай-ақ іріктеу кезеңінен өтпеген жағдайда іріктеуге қатысуды тоқтатады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Іріктеуге қатысу үшін үміткер өзінің техникалық жабдықтарын ( компьютердің, ннтернеттің тұрақты жылдамдығы кемінде 5 мб/сек, жұмыс істеп тұрған веб-камера, микрофон және жеткілікті көрінуді қамтамасыз ететін жарықтандыру) пайдаланады.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Іріктеу кезеңдерінен өту кезінде үміткер жеке қатысуын және бөгде адамдардың болмауын қамтамасыз етеді; орнын тастап кетпейді; экраннан бұрылмайды; кескінді жаппайды; бейнекамераны ажыратпайды; жүйенің сұранысы бойынша ол іріктеу кезінде орналасқан бөлмеге (360 градус) дөңгелек шолу жасайды; телефонмен сөйлеспейді; басқа адамдардың дербес компьютерге кіруіне мүмкіндік беретін үшінші тарап бағдарламалық жасақтамасын (қашықтан қол жеткізу бағдарламалары), аудио гарнитура (құлаққап), көмекші электрондық, баспа, қағаз және өзге де материалдар, сондай-ақ заттарды пайдаланбайды.

Мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау кезеңінен өткен кезде үміткер қажет болған жағдайда бос қағазды, калькуляторды, қарындашты немесе қаламды пайдаланады.";

мынадай мазмұндағы 10-1-тармақпен толықтырылсын:

"10-1. Проктор үміткердің осы Қағидалардың 10-тармағының талаптарын бұзғанын анықтаған жағдайда, бір жұмыс күні ішінде жүйе арқылы бұзушылықтар тізімін жасайды, ол үміткердің жеке кабинетіне жіберіледі.

Бұл ретте үміткердің "Тексеруде" өтінімінің жай-күйі "Өтпеген" күйіне ауыстырылады және үміткер іріктеу өткізудің кез келген кезеңінде қатысуын тоқтатады.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Жүйенің техникалық ақауы (техникалық ақау) туындаған жағдайда іріктеудің тиісті кезеңі автоматты түрде аяқталады, іріктеу рәсімінің әкімшісі жүйеде техникалық ақау туралы актіні тіркейді.

Бұл ретте үміткер жиырма төрт сағат ішінде іріктеу кезеңінен өту үшін қайта жазылуға техникалық қолдау қызметіне жүгінеді.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Мемлекеттік орган қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайларда функциялары, өкілеттіктері мен штат бірліктері қандай да бір өзгерістерге жатпайтын мемлекеттік органның құрылымдық және аумақтық бөлімшелерінің, ведомстволарының бос лауазымдарына орналасуға арналған конкурстарды қоспағанда, жарияланған конкурстар оларды өткізудің кез келген кезеңінде жойылады.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Бос лауазымға орналасуға үміткерлерді іріктеу үшін конкурстық комиссияны мемлекеттік органның кадр қызметі қалыптастырады, бұл ретте конкурстық комиссия құрамының кемінде үштен бірін жүйе кездейсоқ тәртіппен қалыптастыратын тиісті тізімнен бағалаушылар құрайды.";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Конкурстық комиссияның құрамына енгізу үшін мемлекеттік орган бағалаушыларды іріктеуді жүргізеді.

Бағалаушыларды іріктеу туралы хабарландыру жүйеде, сондай-ақ мемлекеттік органның және мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) интернет-ресурстарында жарияланады. Іріктеуге қатысу үшін өтінім беру мерзімі хабарландыруда көрсетіледі.

Іріктеуге қатысу үшін өтінімдер уәкілетті пайдаланушылардан жүйенің көмегімен қабылданады.";

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) немесе персоналды басқарудың бірыңғай қызметі (кадр қызметі) басшысы лауазымына конкурс өткізу кезінде бағалаушы ретінде конкурс комиссиясының құрамына уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің өкілі енгізіледі.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Бағалаушы осы Қағидалардың 26-тармақпен белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда бағалаушы рөліне үміткердің жеке кабинетіне жүйемен тиісті хабарлама жіберіледі.";

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Іріктеу рәсімінің әкімшісі азаматтардың өтініш жасауына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мен заңнамаларын білуге тестілеуді өткізеді.";

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Үміткерлер тестілеуге өтінім беруге қатысты ақпаратты және кеңесті жүйеде, уәкілетті органның интернет-ресурсында жұмыс уақытында Астана қаласының уақыты бойынша сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін алады.";

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мен заңнамаларын білуге арналған тестілеу нәтижесін тестілеу бағдарламасында көрсетілген мәндерден төмен емес алған үміткерге жеке кабинетке осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеуден өткені туралы электрондық сертификат (бұдан әрі - сертификат) жіберіледі.

Бұл сертификат ықпалдастырылған ақпараттық жүйеде "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға іріктеу және конкурс өткізуге қатысқан кезде ғана жарамды.

Сертификаттың қолданылу мерзімі ішінде үміткер Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мен заңнамаларын білуге арналған тестілеуден қайта өтпейді.";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Тестілеуге қатысу үшін үміткер тестілеу күніне дейін күнтізбелік бір күннен кешіктірмей жеке кабинетінде өтінім береді.

Үміткер тестілеу уақытын жүйе қалыптастыратын кестеге сәйкес дербес таңдайды.";

40-тармақ алып тасталсын;

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Тестілеуге қатысу үшін үміткер таңдаған уақытынан кешікпей жүйедегі жеке кабинеті арқылы тестілеуді бастайды.";

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Үміткер тестілеуді "Ескертусіз аяқтау" немесе "Ескертулермен аяқтау" батырмасын таңдау арқылы тест тапсырмаларын орындауға бөлінген уақыт өткенге дейін өз бетінше аяқтайды, ал ескертулер болған жағдайда "Ескертулер" жолына үміткер өз ескертулерін, ұсыныстарын енгізеді не шағымын ресімдейді.";

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"49. Үміткер компьютерді қуаттан өз бетінше ажырату, интернетке қосылуды ажырату, тестілеу терезесіне кіруді тоқтату арқылы тестілеуді аяқтаған кезде тестілеу нәтижелеріне "Өтпеген" мәртебесі беріледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген адамдарды қайта тестілеуге тестілеуден өткен күннен бастап күнтізбелік үш күннен кем емес мерзімнен кейін жүзеге асырылады.";

50-тармақ алып тасталсын;

53-тармақ алып тасталсын;

57-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"57. Проктор тестілеуді өткізу тәртібін бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, үміткердің жеке кабинетіне бұзушылықтар тізімі бар хабарлама жіберіледі. Бұл ретте қатысушының "Тексеруде" өтінімінің жай-күйі "Өтпеген" күйіне ауыстырылады.";

60-тармақ алып тасталсын;

61-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"61. Уәкілетті орган өз құзыреті шеңберінде Іріктеу рәсімінің әкімшісінен шағым берген үміткер бойынша тестілеуден өткені туралы материалдарды сұратады.";

64-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) эссе жазу (белгілі бір лауазымдар үшін не мемлекеттік органның шешімі бойынша);";

69-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"69. Конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланғаннан кейін адамдар конкурстық рәсімдер аяқталғанға дейін Заңның 15-бабының 3, 3-2, 4, 5, 6 және 7-тармақтарында, 27-бабының 7-тармағында көзделген тәртіппен жарияланған бос лауазымға тағайындалмайды.";

71-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) әңгімелесуді өткізу күні;";

76-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"76. Үміткер жарияланған бос лауазымды таңдағаннан кейін жүйе оның осы лауазымның біліктілік талаптарына сәйкестігін қарайды, сондай-ақ мынадай құжаттардың сканерленген нұсқаларының болуын тексереді:

1) еңбек қызметін растайтын құжат (біліктілік талаптары өтілінің болуын көздейтін лауазымдар үшін);

2) білімі туралы құжаттар мен олардың қосымшалары.

Үміткер жарияланған бос лауазымның біліктілік талаптарына сәйкес келген жағдайда, жүйе үміткерді конкурстың келесі кезеңіне өту туралы хабардар етеді.";

79-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"79. Жеке қасиеттерді бағалау жүйеде көзделген кестеге сәйкес жүргізіледі. Үміткердің жеке қасиеттерін бағалаудан өту күнін (кестесін) жүйемен автоматты түрде айқындалады, тиісті хабарлама үміткердің жеке кабинетіне жіберіледі.

Жеке қасиеттерді бағалаудан өту уақытын үміткер жүйе қалыптастыратын кестеге сәйкес дербес таңдайды.";

80-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"80. Жеке қасиеттерін бағалаудан өту басталардан бір сағат бұрын қатысушының жеке кабинетіне, электрондық поштасына және ұялы телефон нөміріне жүйемен тиісті ескерту-хабарлама жіберіледі.";

90-тармақ алып тасталсын;

93-тармақ алып тасталсын;

96-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"96. Бұл кезең үміткердің мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін анықтауға мүмкіндік беретін екі бөлек тестілеу кезеңінен тұрады.";

102-1-тармақ мынадай мазмұнмен толықтырылсын:

"102-1. "Мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау" конкурс кезеңінен өтудің шекті мәні сұрақтардың жалпы санынан (50 сұрақ) кем дегенде 10 дұрыс жауапты құрайды.";

103-тармақ алып тасталсын;

105-тармақ алып тасталсын;

105-тармақ алып тасталсын;

106-тармақ алып тасталсын;

110-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 111-1-тармақпен толықтырылсын:

"111-1. Егер үміткерлердің ешқайсысы мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау кезеңінің шекті мәнін еңсермеген жағдайда, конкурс мәртебесі жүйемен "Аяқталды" болып өзгертіледі және конкурс

кезеңдеріне қатысу және конкурсты аяқтау үшін үміткерлердің жоқтығы туралы хабарлама мемлекеттік органның кадр қызметіне жіберіледі.";

113-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"113. Өзге де санаттағы лауазымдарда эссе жазу кезеңі мемлекеттік органның қалауы бойынша жүргізілуі мүмкін.";

117-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"117. Эссе жазуды үміткер жүйеде онлайн режимде тәуліктің кез келген ыңғайлы уақытында, жүйемен айқындалатын кестеге сәйкес жүргізеді және мемлекеттік немесе орыс тілінде екі жүз елу сөзден аспайды.";

123-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"123. "Эссе жазу" конкурсы кезеңінен өткен үміткерлер тарапынан қағидалар талаптарын бұзушылықтар болмаған жағдайда, проктор тексеру нәтижелерін жариялағаннан кейін бір жұмыс күні ішінде эссені конкурс комиссиясының мүшелері осы Қағидаларға 3-қосымшада көзделген әдістемеге сәйкес бес балдық шәкіл бойынша бағалайды.";

мынадай мазмұндағы 124-1-тармақпен толықтырылсын:

"124-1. Егер үміткерлердің ешқайсысы эссе жазу кезеңінің шекті мәнін еңсермеген жағдайда, конкурс мәртебесі жүйемен "Аяқталған" болып өзгереді және конкурс кезеңдеріне қатысу және конкурсты аяқтау үшін үміткерлердің жоқтығы туралы хабарлама мемлекеттік органның кадр қызметіне жіберіледі.";

125-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"125. Әңгімелесудің мақсаты үміткерлердің әлеуеті мен жеке қасиеттерін бағалау болып табылады.";

мынадай мазмұндағы 125-1-тармақпен толықтырылсын:

"125-1. Әңгімелесу кезеңінің алдында конкурстың алдыңғы кезеңдерінің нәтижелері бойынша ең жоғары балл жинаған үміткерлердің жеке істері Заңның 16-бабында көзделген біліктілік талаптарына және мемлекеттік қызметке кіру шарттарына сәйкестігіне қайта тексеру үшін бос лауазымға конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялаған мемлекеттік органның кадр қызметіне жүйе арқылы жіберіледі.

Кадр қызметі бір жұмыс күні ішінде үміткерлердің жеке істерінің бос лауазымның біліктілік талаптарына сәйкестігін тексереді.

Біліктілік талаптарына сәйкес келмеген және/немесе осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген құжаттар болмаған жағдайда кадр қызметі үміткерге әңгімелесу кезеңіне жіберуден бас тартады және жүйе ең жоғары балл жинаған келесі үміткерді қайта тексеру үшін жібереді.

Егер үміткерлердің ешқайсысы жарияланған бос лауазымның біліктілік талаптарына сәйкес келмесе, жүйе кадр қызметіне біліктілік талаптарына сәйкес

келетін үміткерлердің жоқтығы және конкурстың аяқталуы туралы хабарлама жібереді.";

128-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"128. Әңгімелесу кезеңіне жіберілген үміткерлерге кадр қызметі жүйе арқылы әңгімелесу өткізу күні мен сілтемелері көрсетілген хабарламалар жібереді.";

мынадай мазмұндағы 130-1-тармақпен толықтырылсын:

"130-1. Конкурстық комиссияның мүшелері көрсетілген уақытқа сәйкес сілтемеге өтеді. Комиссия хатшысы конкурстық комиссияның уақтылы қатысуын қамтамасыз етеді. Әңгімелесу сессиясының уақыт есебі үміткер күту режимінен әңгімелесуге ауысқаннан кейін жүйемен автоматты түрде іске қосылады.";

131-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"131. Конкурстық комиссияның мүшелері үміткермен байланыс орнатуға және орналасуға, ашықтықты, ойды анық, қисынды түрде білдіру қабілетін анықтауға, сондай-ақ жеке құзыреттері тұрғысынан жалпы сипаттағы сұрақтар қояды.";

135-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"135. Конкурс комиссиясының әрбір мүшесі осы Қағидаларға 3-қосымшада көзделген әдістемеге сәйкес жүйеге баллды енгізу арқылы үміткерлермен әңгімелесу қорытындыларын жеке бағалайды және ЭЦҚ көмегімен растайды.";

139-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"139-тармақ. Бірнеше үміткердің баллдары тең болған жағдайда, еңбек өтілі көп үміткер жеңімпаз болып танылады. Еңбек өтілі тең болған жағдайда білім деңгейі қарастырылады.

Баллдары, еңбек өтілі және білім деңгейі тең болған жағдайда жеңімпаз жүйемен дербес анықталады.

Егер әңгімелесу кезеңіне бір үміткер қатысып, осы кезеңдегі нәтижесі бір баллдан кем болған жағдайда конкурстың жеңімпазы анықталмады деп танылады.";

140-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"140. Конкурс қорытындысы шығарылғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде жүйемен хаттама ресімделеді, оған ЭЦҚ көмегімен кадр қызметі қол қояды.

Мемлекеттік органның кадр қызметіне және үміткерлердің жеке кабинеттеріне жүйе арқылы конкурс қорытындылары туралы хабарлама жіберіледі.";

143-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"143. Конкурс жеңімпазы тағайындаудан бас тартқан, сол сияқты осы Қағидалардың 141-тармағында белгіленген мерзімде жұмысқа қабылдау туралы өтінішті ұсынбаған не оны Заңның 20-бабында көзделген сынақ мерзімі өткенге

дейін жұмыстан босатқан жағдайда, мемлекеттік органның кадр қызметі жүйе арқылы іріктеудің барлық кезеңдерінің жиынтық баллдарының ең көп санын жинаған келесі үміткерге бос лауазымға орналасуға шақыру (хабарлама) жібереді , ол қабылданған шешім туралы үш жұмыс күні ішінде хабарлайды.";

146-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"146. Конкурс қорытындысына және/немесе кадр қызметінің әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағымды уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне конкурс қорытындылары жарияланған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей беру уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшесі келіп түскен шағым бойынша тиісті шешім қабылдағанға дейін конкурсты тоқтата тұру үшін негіз болып табылады.";

2-қосымша осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес 4-қосымшамен толықтырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Мемлекеттік қызметке іріктеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының мемлекеттік қызмет мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2024 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасы* | *Д. Жазықбай* |

"Келісілді"
Қазақстан Республикасының
Бас Прокуратурасы

"Келісілді"
Қазақстан Республикасы Сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі
(Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)

"Келісілді"
Қазақстан Республикасы
Қаржылық мониторинг агенттігі

"Келісілді"
Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі

"Келісілді"
Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрлігі

"Келісілді"
Қазақстан Республикасының
Бәсекелестікті қорғау және дамыту
агенттігі

"Келісілді"
Қазақстан Республикасының
Көлік министрлігі

"Келісілді"
Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

"Келісілді"
Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция министрлігі

"Келісілді"
Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт министрлігі

"Келісілді"
Қазақстан Республикасының
Экология және табиғи ресурстар
министрлігі

"Келісілді"
Қазақстан Республикасының
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігі

"Келісілді"
Қазақстан Республикасының
